



Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт № _____

_____ қ.

«__» _____ 2025 ж.

"У.Д.Қантаев атындағы Мойнақ су электростанциясы", бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, тұлғасында екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ негізінде осы Жұмыстарды сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді. Орындаушы осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды.

1. Шарттың мәні

1.1. Орындаушы Шарт талаптарына сәйкес Қызметтерді (бұдан әрі - қызметтер) көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында қызметтерді қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. Төменде келтірілген құжаттар және оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және олар болған кезде оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда: 1) сатып алынатын көрсетілетін қызметтер тізбесі (№ 1 қосымша); 2) техникалық ерекшелік (№ 2 қосымша); 3) қызметтер көрсетуге/жұмыстарды орындауға арналған шарттағы ел ішіндегі қамту үлесінің іс жүзінде есептелуі (№ 3 қосымша); 4) қоғамның қоршаған ортаны қорғау, денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі саласындағы жеткізушіге (тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) қойылатын талаптары (№ 4 қосымша); 5) Қызмет көрсету кезінде болжамды/нақты сатып алынған тауарлар/материалдар/жабдықтар туралы ақпарат (№ 5 қосымша); 6) Контрагент сауалнамасының нысаны (№6 қосымша).

2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және шартта және Тәртібінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша төлем Орындаушының есеп айырысу шотына Орындаушының Шарт бойынша барлық міндеттемелерді орындауынан кейін Тапсырыс берушінің қызмет көрсету сапасы мен мерзіміне наразылықтары болмаған кезде жүргізіледі.

2.4. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

2.5. Көрсетілген Қызметтер үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар көрсетілген Қызметтер актісіне (актілеріне) (бұдан әрі – Көрсетілген қызметтер актісі) қол қойған және мынадай құжат (құжаттар) ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

2.5.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген қызметтердің барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеу (Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады);

2.5.2. Шот-фактура;

2.5.3. Көрсетілген қызметтер актісі

2.6. Орындаушы Көрсетілген қызметтердің актісін (лерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда Көрсетілген қызметтердің актілерін (лерін) электрондық түрде қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі. Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Көрсетілген қызметтер актісін (лерін) Орындаушы Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда электрондық түрде Қызметтерді қабылдау-беру актісін (лерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

2.7. Тапсырыс беруші Орындаушының төлемге арналған құжаттар пакетін уақтылы ұсынбауына/қол қоюына байланысты төлемнің мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапты болмайды.

3. Қызмет көрсету мерзімдері және шарттары

3.1. Орындаушы Шарттың № 1, № 2 қосымшаларына сәйкес орны бойынша және мерзімінде Қызмет көрсетуге міндетті.

3.2. Тапсырыс берушінің көрсетілген Қызметтер актісіне қол қойған күні Қызмет көрсету күні болып есептеледі. Қызметтерді





Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарттың талаптарына сәйкес және Шарттың № 1, № 2 қосымшаларына сәйкес саны мен сапасы бойынша көрсетеді.

4. Тараптардың құқықтары және міндеттері

4.1. Орындаушы міндеттенеді:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес қызмет көрсетуге;

4.1.2. Тапсырыс беруші анықтаған қызметтердің саны мен сапасы бойынша кемшіліктерді Шарт талаптарына сәйкес жою. Тапсырыс берушінің өнім берушінің көрсетілетін Қызметтердегі ел ішіндегі қамтудың болжамды үлесін ұсынуын талап етуге құқығы жоқ.

4.1.3. Білікті мамандармен қызмет көрсету.

4.1.4. Қызметтердегі жергілікті қамту үлесі бойынша ұсынылатын ақпараттың дұрыстығына кепілдік беру. Ел ішіндегі қамту үлесі бойынша дұрыс емес ақпарат ұсынылған жағдайда, Орындаушы стандарт пен Шартқа сәйкес жауапты болады.

4.1.5. Қызмет көрсету кезінде объектілерде қауіпсіздік техникасы, пайдалану техникасы, өрт қауіпсіздігі және өнеркәсіптік санитария қағидаларының сақталуын, сондай-ақ жабдықтардың, үкәммалдың, тетіктердің және т.б. сақталуын қамтамасыз ету.

4.1.6. Орындаушы Тапсырыс берушіге оның жазбаша талабы бойынша қызмет көрсету барысы туралы барлық мәліметтерді хабарлауға, сондай-ақ қажет болған жағдайда Тапсырыс берушіге егжей-тегжейлі есеп беруге міндетті.

4.1.7. Осы Шарттың № 4 қосымшасына сәйкес жеткізушіге (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді) қоғамның қоршаған ортаны қорғау, денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі саласындағы талаптарын сақтауға міндетті.

4.1.8. Осы Шарттың № 5 қосымшасына сәйкес құпия ақпаратты жарияламау туралы міндеттемені сақтауға.

4.1.9. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті барлық ілеспе қызметтерді орындауға;

4.1.10. Орындаушы осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындау кезінде Қазақстан Республикасының Еңбек және экологиялық кодекстерінің талаптарын орындауға міндеттенеді.

4.1.11. Тапсырыс берушінің аумағында Орындаушының жұмыскері еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде болған жазатайым оқиға басталған кезде Орындаушы Тапсырыс берушіні болған жазатайым оқиға туралы хабардар етуге және жазатайым оқиғаны тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның құрамына Тапсырыс берушінің өкілдерін енгізуге міндеттенеді.

4.1.12. Егер қызметтерді көрсету үшін Шартта Орындаушының тауарларды/материалдарды/жабдықтарды жеткізуі көзделсе, Орындаушы отандық тауарларды/материалдарды/жабдықтарды сатып алуды жүргізуге міндеттенеді.

4.1.13. Егер Орындаушы қызметтер көрсету барысында отандық тауарларды/материалдарды/жабдықтарды сатып алған болса, онда Орындаушы қызметтер көрсету аяқталғаннан кейін көрсетілген қызметтердің соңғы актісімен бірге Тапсырыс берушіге отандық тауарларды/материалдарды/жабдықтарды сатып алуды растайтын құжаттарды (шарттарды, шот-фактураларды және т.б.), «СТ-КЗ» нысанындағы тауардың шығу тегі туралы Сертификатты немесе «Атамекен» ҚР ҰКП беретін Индустриялық сертификатты, сондай-ақ Шарттың № 6 қосымшасына сәйкес Қазақстанда өндірілген нақты сатып алынған тауарлар/материалдар/жабдықтар туралы ақпаратты ұсынады.

4.1.14. Шарттың № 6 қосымшасына сәйкес қызмет көрсету кезінде болжамды/нақты сатып алынған тауарлар/материалдар/жабдықтар туралы ұсынылатын ақпараттың дұрыстығына кепілдік беру. Жалған ақпарат берген жағдайда, Орындаушы Шарт талаптарына сәйкес жауапты болады.


4.1.15. Мердігер Шарт бойынша жұмыстарды орындау процесінде мынадай құжаттармен танысуға және олардың талаптарын орындауға міндеттенеді: - - Мінез-құлық кодексі, "Мойнақ ГЭС" АҚ.У. Д. Хантаева " КД УКР-01-02-24; - "Самұрық-Энерго" АҚ-да алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты СЭ-П-04/04.

4.1.16. Осы Шартты жасай отырып, Орындаушы шарт жасасу кезінде коронавирус пандемиясына байланысты кейбір шектеулер қолданылатынын және қандай да бір шектеу шараларына байланысты Шарттың талаптарын тиісінше орындамаудың белгілі бір тәуекелдері бар екенін толық түсінеді, сонымен бірге Орындаушы Шартты уақтылы және тиісінше орындау жөнінде өзіне міндеттемелер қабылдайды және жоғарыда көрсетілген мән-жайлар оның кәсіпкерлік тәуекелімен қамтылатындығымен келіседі.

4.1.17. Тапсырыс берушіге көрсетілетін Қызметтерге арналған құжаттарды Шартта көзделген мерзімде және шарттарда ұсынуға, оның ішінде:

4.1.17.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген Қызметтердің барлық көлеміне (санына) Шарттағы елішілік құндылықты есептеу (Веб-порталда ұсынылады). Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге ұсынылады;

4.1.18. Шарттың талаптарына сәйкес қызметтердің саны мен сапасы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға.





4.1.19. Осы Шарт жасалған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге контрагенттің толтырылған, қол қойылған және мөрмен бекітілген сауалнамасының (Шартқа №7 қосымша) сканерленген көшірмесін ұсыну қажет. Егер Орындаушы Тапсырыс берушіге осы шарт жасалғанға дейін бір ай ішінде Тапсырыс берушімен жасалған басқа шарттар бойынша контрагенттің сауалнамасын берген болса, онда оларды қайта ұсыну талап етілмейді. Орындаушы контрагенттің сауалнамасында көрсетілген ақпараттың толық және дұрыс болып табылатынына кепілдік береді.

4.1.20. Тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандар арқылы Қызмет көрсетуге.

4.1.21. Осы Шартты орындау үшін тартылатын қызметкерлерге осы Шартта көрсетілген жалақылар Шарттың бүкіл қолданылу кезеңіне белгіленсін және осы міндеттеменің орындалуын растау ретінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған тиісті қызметкерлердің аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан _____ кешіктірілмейтін мерзімде тоқсан сайынғы негізде үзінді көшірмелер ұсынсуға (тендерлік құжаттамада Тәртіптің № 5 қосымшасының 35-тармағына сәйкес әлеуетті өнім беруші жұмыскерлерінің жалақысының ең төменгі шегі(тері) белгіленген кезде қолданылады);

4.1.22. Шартты орындау үшін тартылған Орындаушының жұмыскерлерінің жалақысы мен әлеуметтік қолдау шығыстарының ұлғаюын қамтамасыз етуге және осы міндеттеменің орындалуын растау ретінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған тиісті жұмыскерлердің аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан _____ үзіндіден кешіктірілмейтін мерзімде тоқсан сайынғы негізде ұсыну (Тәртіптің 59-бабы 1-тармағының 9) тармақшасының алтыншы абзацына сәйкес шарт жасасу және Тәртіптің 65-бабы 1-тармағының 16) тармақшасына сәйкес жасалған шарттарға өзгерістер енгізу кезінде қолданылады).

4.1.23. Қызмет көрсету кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтауға.

4.1.24. Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы үшін, сондай-ақ Орындаушының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптарды және көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында толық жауапты болуға.

4.1.25. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында қызмет көрсету кезінде аварияларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескертуге.

4.1.26. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға.

4.1.27. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың жай-күйін тексеру үшін және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Қызметтер көрсету орындарына қолжетімділікті қамтамасыз етуге.

4.1.28. Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі бойынша оқытудан өткен мамандарды Қызмет көрсетуге жіберуге (мұндай талап Қызметтерге қолданылатын кезде ғана белгіленеді).

4.1.29. Орындаушы және (немесе) бірлесіп орындаушы жұмыскерлерінің жалпы саны 50 (елу) адамнан астам болған кезде өз қарамағында өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы өз қызметі және (немесе) мамандары болуы тиіс (мұндай талап Қызметтерге қатысты болған кезде ғана белгіленеді).

4.1.30. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен өз жұмыскерлерін мерзімді медициналық қарап-тексеруді, сондай-ақ ауысым алдындағы және өзге де медициналық куәландыруды жүргізуге (мұндай талап көрсетілетін Қызметтерге қолданылатын кезде ғана белгіленеді).


4.1.31. Өз жұмыскерлерін қауіпсіз Қызмет көрсету үшін қажетті арнайы киіммен және басқа да жеке және ұжымдық қорғау құралдарымен қамтамасыз етуге міндеттенеді (мұндай талап Қызметтерге қатысты болған кезде ғана белгіленеді).

4.2. Орындаушының:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді талап етуге.

4.2.2. Тапсырыс берушіден Қызметтерді уақтылы қабылдауды және Көрсетілген қызметтердің актілеріне қол қояды талап етуге;

4.2.3. Тапсырыс берушімен жазбаша келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды тең мәнділермен





ауыстыруға.

4.2.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

4.2.5. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Орындаушы көрсеткен бірлесіп орындаушыларға жиынтығында көрсетілетін қызметтер көлемінің (құнының) $\frac{1}{4}$ -нен аспайтын (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) бірлесіп орындауға беру.

4.2.6. Қызмет көрсету басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге құқығы бар.

4.3. Тапсырыс берушінің:

4.3.1. Орындаушы көрсеткен Қызметтерді Шарт талаптарына сәйкес қабылдауға.

4.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Көрсетілген қызметтер актісіне оны Орындаушыдан алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға.

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (дерді) жүзеге асыруға.

4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

4.4.1. Орындаушыдан Шартта көзделген тиісті сапа мен мөлшердегі қызметтерді алуға.

4.4.2. Шарт құнының тиісті төмендеуімен Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Қызметтердің кез келген бөлігінен бас тартуға.

4.4.3. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша және тәртіппен Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға. Тапсырыс беруші Орындаушының Қызметтердегі елішілік құндылықтың болжамды есебін ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.4.4. Осы Шартта және оның қосымшаларында көрсетілген Қызметтерді сапалы және уақтылы көрсетуді талап етуге; көрсетілген Қызметтердегі кемшіліктерді жоюды талап етуге құқылы.

4.4.5. Егер Орындаушы көрсетілген қызметтердегі кемшіліктерді, шарттық міндеттемелердің талаптарын жою бойынша өз міндеттемелерін орындамаған болса, бұзушылықтарды жойғанға дейін Қызметтер көрсетуді тұтастай немесе оның бір бөлігін тоқтату туралы жазбаша нұсқамамен өкім беруге;

4.4.6. Тапсырыс беруші Қызметтерді сапасыз көрсеткен немесе көрсетілген қызметтер Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда көрсетілген қызметтерді қабылдау актісіне қол қоймауға құқылы

4.4.7. Егер Орындаушы осы Шарттың №1 және №2 қосымшаларына сәйкес мерзімде қызметтер көрсетуді бастауға кіріспесе, егер осы мерзімін өткізіп алу Орындаушының кінәсінен туындаған болса, 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

4.4.8. Шарт талаптарында көзделген сатып алынатын қызметтердің көлемін біржақты тәртіппен азайту.

4.4.9. Орындаушының қызметіне кез келген уақытта араласпай, Орындаушы көрсететін қызметтердің барысын, сапасын және толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге.

4.4.10. Орындаушыдан ол Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) Тапсырыс берушінің көрсетілген бағыттар бойынша ішкі нормативтік құжаттарының және (немесе) Тапсырыс берушінің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы бұзушылықтарды жою туралы талаптарын орындамауын сақтамаған жағдайда есептелген айыппұлдардың сомасын өндіріп алуға құқығы бар.

5. Қызметтерді тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтердің техникалық ерекшелікке және Шарттың өзге де талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.

5.2. Көрсетілген Қызметтерді қабылдауды Тапсырыс берушінің өкілдері осы Шартта көзделген құжаттар негізінде жүзеге асырады.

5.3. Көрсетілген Қызметтердің саны мен сапасы мәселелері бойынша шағымды Тапсырыс беруші Орындаушыға Қызмет көрсетілген сәттен бастап не әдеттегі қабылдау тәсілі кезінде анықталуы мүмкін емес кемшіліктер (жасырын кемшіліктер) анықталған 10 (он) жұмыс күні ішінде ұсынады.





5.4. Егер Орындаушы 5 (бес) жұмыс күні ішінде жауап бермесе, мұндай шағым Орындаушы мойындаған деп танылады және Орындаушы өзінің тәуекелдері мен шығындары есебінен хабарламаны алған сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс беруші көрсеткен кемшіліктерді жоюға міндеттенеді.

5.5. Егер Тапсырыс беруші қызметтер көрсетілген сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Орындаушыға Қызметтердің тиісті емес саны және/немесе сапасы туралы хабарлама жібермеген жағдайда, Қызметтер Тапсырыс беруші қабылдаған болып есептеледі және осы Шарттың талаптарына сәйкес төленуге жатады.

5.6. Орындаушы осы Шарт бойынша қызмет көрсету аяқталғаннан кейін Тапсырыс берушіге Қызмет көрсету туралы есеппен (хаттамалар, қорытындылар және өзге де атқару құжаттамасы) қоса жазбаша хабарлама жібереді. Тапсырыс беруші 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей осы Шарт бойынша көрсетілген қызметтерді қабылдауға кіріседі.

5.7. Көрсетілген Қызметтерді қабылдау рәсімі Тапсырыс берушінің талаптарын қанағаттандыратын нәтижені алғанға дейін қайталанады. Бұл ретте Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша көрсетілетін Қызметтерге ақы төлеу жөніндегі міндеттемелерінің басталуы осындай рәсімнің мерзіміне ұзартылады. Орындаушы көрсетілген Қызметтердің кемшіліктерін жоюдан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші қызметтердің құнын төлемеуге құқылы.

5.8. Көрсетілген Қызметтерді қабылдау рәсімі Тапсырыс берушінің талаптарын қанағаттандыратын нәтижені алғанға дейін қайталанады. Бұл ретте Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша көрсетілетін Қызметтерге ақы төлеу жөніндегі міндеттемелерінің басталуы осындай рәсімнің мерзіміне ұзартылады. Орындаушы көрсетілген Қызметтердің кемшіліктерін жоюдан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші қызметтердің құнын төлемеуге құқылы.

5.9. Орындаушы Қызметтер көрсетуді Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелікте айтылған талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

5.10. Көрсетілген Қызметтерді түпкілікті нысанда қабылдау актісіне қол қойылған күн осы Шарт бойынша қызметтер көрсетудің аяқталу күні болып есептеледі.

5.11. Көрсетілген қызметтерді қабылдау көрсетілген қызметтерді қабылдау актісімен ресімделеді және оны қызмет көрсету орнына байланысты Тапсырыс берушінің өндірістік департаментінің/Тапсырыс берушінің Бас кеңсесінің уәкілетті адамы бекітеді.

5.12. Шот-фактура Тапсырыс берушіге Қызмет көрсетудің ағымдағы айының соңғы күнінен кешіктірілмей ұсынылады.

5.13. Егер Орындаушы қызметтер көрсету барысында отандық тауарларды/материалдарды/жабдықтарды сатып алса, онда көрсетілген қызметтерді Тапсырыс беруші шартқа № 6 қосымшаға сәйкес қызметтер көрсету кезінде нақты сатып алынған тауарлар/материалдар/жабдықтар туралы ақпаратты ұсынғаннан кейін ғана қабылдайды.

5.14. Тапсырыс беруші орындаушыдан сатып алу туралы Шарттың талаптарында көзделген қызметтердің көрсетілгенін растайтын құжатты (құжаттарды) алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей шарт бойынша қажетті ақпаратты толтырады және ескертулер болмаған жағдайда қызметтер көрсетілгенін растайтын актіге қол қояды немесе дәлелді негіздемелерді көрсете отырып, қызметтерді қабылдаудан бас тартады.

6. Кепілдіктер және Сапа

6.1. Орындаушы көрсетілетін Қызметтерге қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкес келетін көрсетілген Қызметтердің сапасына кепілдік береді. Орындаушы осы Шарт бойынша көрсетілген Қызметтер қызметті қалыпты пайдалану кезінде конструкцияға, материалдарға немесе жұмысқа байланысты кемшіліктердің болмайтынына кепілдік береді.

6.2. Егер кепілдік мерзімі ішінде көрсетілген Қызметтерде кемшіліктер анықталған болса немесе Шарт талаптарына сәйкес келмесе, Орындаушы Тапсырыс беруші тиісті талаптар ұсынған сәттен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде кемшіліктерді өз есебінен жоюға міндеттенеді.

6.3. Орындаушы шартты орындау барысында өз қызметінде, оның ішінде қызметкерлердің әлеуметтік қорғалуын арттыру мақсатында ESG (экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару) қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етеді, Орындаушы өз қызметкерлеріне уақтылы еңбекақы төлеуге және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген өзге де төлемдерге кепілдік береді. Орындаушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өз қызметкерлеріне қауіпсіз және сапалы еңбек жағдайларын, қызметкерлердің біліктілігін тұрақты арттыруды қамтамасыз етеді. Орындаушыға өз қызметкерлеріне еңбекақы төлеу деңгейін жалақының тиісті орташа салалық деңгейлерінен төмен емес деңгейде қамтамасыз ету ұсынылады.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Орындаушының жауапкершілігі:

7.2.1. Орындаушы Шартта көрсетілген қызметтерді көрсету мерзімдерін кешіктірген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге





Шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10%-дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге міндетті.

7.2.2. Орындаушы Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарт сомасының 0,01% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді;

7.2.3. Қызметтерде елішілік құндылықтың нақты есебі ұсынылмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарт сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.2.4. Орындаушы Шарттың қолданылу мерзімінің соңына дейін өз міндеттемесінен бас тартқан немесе орындамаған жағдайда, Шарттың 11-бөлімінде көзделгеннен басқа жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 10 %-ы мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті. Орындаушы шарттың қолданылу мерзімінің соңына дейін өз міндеттемелерінің бір бөлігінен бас тартқан немесе орындамаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарттың орындалмаған сомасының 10 %-ы мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.2.5. Орындаушы Тапсырыс берушінің Қоршаған ортаны қорғау, денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі саласындағы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді Жеткізушіге қойылатын талаптарын орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы құнынан 1 %-ы мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті. Айыппұл есептеу туралы шағым түскен сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде төленеді.

7.2.6. Орындаушы Тапсырыс берушінің Денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі саласындағы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді берушіге қойылатын талаптарын орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге бұзушылықтың әрбір жағдайы үшін айыппұл төлеуге міндетті: - шарт сомасы 10 млн. теңгеге дейін болған кезде шарттың жалпы құнының 0,3% мөлшерінде; - шарт сомасы 10 млн.теңге және одан жоғары болған кезде шарттың жалпы құнының 0,03% мөлшерінде. Айыппұл төлеу есептеу туралы шағымды алған сәттен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде жүргізіледі.

7.2.7. Орындаушы еңсерілмес күш әрекетімен келтірілген зиянды, залалдарды немесе залалды қоспағанда, қызметтер көрсету кезінде Тапсырыс берушіге келтірілген кез келген зиян, залал немесе нұқсан үшін толық жауапты болады;

7.2.8. Қызметтерді уақтылы көрсетпеген жағдайда, Орындаушы ҚР заңнамасын бұзғаны үшін Тапсырыс берушіге уәкілетті органдар қолданған айыппұл санкцияларынан туындаған Тапсырыс берушінің залалдарын өтейді.

7.2.9. Сондай-ақ Орындаушы Тапсырыс берушіге мемлекеттік органдар мен үшінші тұлғалар тарапынан осы Шарттың орындалуы ішінде және салдарынан наразылықтар қойған кезде Тапсырыс берушінің залалдары үшін жауапты болады және шағым берілген күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде оларды төлеуге міндеттенеді не Тапсырыс беруші Шарт бойынша Орындаушыға тиесілі төлемнен залалдар сомасын ұстап қалуға құқылы, бұл туралы Орындаушыға тиісті жазбаша хабарлама жіберілетін болады.


7.2.10. Орындаушы Тапсырыс берушінің мүлкіне, меншігіне және өз қызметкерлерінің денсаулығына залал келтірумен немесе залал келтірумен, сондай-ақ өз қызметкерлерінің қаза табуымен байланысты және шартты орындау барысында және салдарынан туындайтын барлық тәуекел үшін жауапты болады.

7.2.11. Егер Орындаушы Шарттың № 6 қосымшасына сәйкес қызметтерді көрсету кезінде сатып алынған отандық тауарлар/материалдар/жабдықтар туралы болжамдық/нақты ақпаратты көрсетпесе, келіспесе не Тапсырыс берушіге дәйексіз ақпаратты ұсынса, Тапсырыс беруші Орындаушыдан Шарттың жалпы сомасының 1 %-ы мөлшерінде айыппұл төлеуді талап етуге құқылы. Егер Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарттың № 6 қосымшасына сәйкес қызметтер көрсету кезінде болжамды/нақты сатып алынған отандық тауарлар/материалдар/жабдықтар туралы ақпарат бермесе, Тапсырыс беруші орындаушыдан Шарттың жалпы сомасының 2 %-ы мөлшерінде айыппұл төлеуді талап етуге құқылы. Орындаушы отандық тауарларды/материалдарды/жабдықтарды сатып алу үлесі бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Орындаушы Шарт сомасынан 5 %, сондай-ақ отандық тауарларды/материалдарды/жабдықтарды сатып алудың орындалмаған үлесінің әрбір 1 %-ы үшін 0,15 %-ы мөлшерінде, бірақ Шарт сомасынан 15 %-дан аспайтын айыппұл түрінде жауапты болады.

7.2.12. Орындаушы қызмет көрсету мерзімін 30 күнтізбелік күннен артық кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші орындаушыға қатысты шарт бойынша орындалмаған міндеттемелер сомасының 10% - ы мөлшерінде айыппұл қолданып және орындалмаған міндеттемелер көлемінің күшін жоя отырып, Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл ретте, Орындаушыға 7.2.1-тармақтың шарттары қолданылмайды.

7.2.13. Орындаушының жұмыскері Тапсырыс берушінің аумағында еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде болған жазатайымоқиға туралы фактіні жасырғаны (Тапсырыс берушінің хабардар етпегені), сондай-ақ Тапсырыс берушінің өкілдерін осындай жазатайым оқиғаны тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның құрамына қоспағаны үшін Тапсырыс беруші орындаушыдан Шарттың жалпы сомасының 3 %-ы мөлшерінде айыппұл төлеуді талап етуге құқылы. Айыппұл есептеу туралы талапты алған сәттен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде не Шарт бойынша Орындаушыға тиесілі сомандан ұстап қалу арқылы төленеді.

7.2.14. Осы Шартта белгіленген мерзімде контрагенттің сауалнамасы ұсынылмаған жағдайда (Шартқа №7 қосымша) Тапсырыс беруші Орындаушыдан Тапсырыс берушінің хабарламасын алған сәттен бастап күнтізбелік 10 күн ішінде контрагенттің сауалнамасын ұсыну туралы талабы көрсетілетін тиісті хабарламаны жіберу арқылы шарттың жалпы сомасының 1% мөлшерінде





айыппұл төлеуді талап етуге құқылы. Егер Орындаушы хабарламада белгіленген мерзімде контрагенттің сауалнамасын ұсынбаса, сондай-ақ Орындаушының контрагенттің сауалнамасында анық емес ақпарат бергені анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші Шартты бұзудың болжамды күніне дейін 5 (бес) жұмыс күні бұрын Орындаушыға жазбаша хабарлама жіберіп, біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетілуге тиіс, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне енген күні көрсетілуге тиіс. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты шарт бұзылған кезде Орындаушының шартты орындауға байланысты оны бұзатын күнгі іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқығы бар.

7.3. Орындаушы Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша Орындаушының өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұлдар) сомасын осы Шарт бойынша төленуге жататын сомалардан ұстап қалуына келіседі.

7.4. Орындаушы Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда, Орындаушы әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарт сомасынан 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы құнының 10%-нан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбы түрінде жауапты болады.

7.5. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.5.1. Шарт бойынша төлемдер (оның ішінде аванстық төлемдер) кешіктірілген жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға Шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10%-дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге тиіс.

7.5.2. Тапсырыс беруші Көрсетілген қызметтер актісіне қол қоюды кідірткен жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға Шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10%-дан аспайтын мөлшерде, әрбір күнтізбелік күн үшін өсімпұл төлейді.

7.5.3. Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтер актісіне қол қоюды негізсіз кідірткен жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға әрбір күнтізбелік күн үшін көрсетілген қызметтер актісінің 0,01% мөлшерінде өсімпұл төлейді, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% - нан аспайды.

7.5.4. Тапсырыс беруші шарттан бас тартқан жағдайда, Шарттың 11-бөлімінде және 8.3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, өнім беруші Тапсырыс берушіден шарттың жалпы сомасының 10% мөлшерінде айыппұл төлеуді талап етуге құқылы.

7.5.5. Тапсырыс беруші құжаттарды уақтылы ұсынбаған жағдайда (Шарттың талаптары бойынша Тапсырыс беруші Қызметтерді көрсету үшін Орындаушыға құжаттарды ұсынуы талап етілген жағдайда), соның салдарынан Орындаушы Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаса, Орындаушы Тапсырыс берушіден мерзімін өткізіп алудан келтірілген залалды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтеуді талап етуге құқылы.

7.6. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Орындаушы туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға белгіленген тәртіппен ақпарат жібереді.

7.7. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

8.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған Шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе орындаушыны таңдау үшін негіз болған ұсынысты өзгерте алатын өзгерістерді Тәртібінің тиісті тармағында (тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

8.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

8.3.2. Орындаушы өз міндеттемелерін бұзған жағдайда;

8.3.3. Қызметтерді сатып алудың орынды еместігіне байланысты;

8.3.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқарған жағдайда;

8.3.3.2. Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/байқау кеңесінің шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда (алқалы атқарушы орган/басқару органының байқау кеңесі/жоғары органы (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда. Қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас





тартуға Тапсырыс беруші Орындаушыға өзі нақты шеккен шығыстарды төлеген жағдайда жол беріледі.

8.3.3.3. Шарт тараптарының бірі Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде.

8.4. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Орындаушыға Шарттан бас тартудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шарттан бас тартудың себебі көрсетілуі тиіс, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шарттан бас тарту туралы хабарламаның күшіне ену күні айтылуы тиіс. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шартты бұзу кезінде орындаушы Шартты орындауға байланысты нақты шығындар үшін ғана Шартты бұзу күніне акы талап етуге құқылы.

8.5. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесі тұлғасында сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің жасалған Шартты біржақты одан бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Орындаушыға Шарт бұзылған күнге нақты жұмсалған шығыстарды төлеу кезінде бұзылуы мүмкін.

8.6. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған келтірілген залалдар мен шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімшөл мен айыппұлдың сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқылы.

8.7. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда Тараптардың келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.

8.8. Осы Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар, егер олар тиісті түрде ресімделсе және Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойса, жарамды болады.

9. Хат-хабар

9.1. Егер Шарттың талаптарына сәйкес кез келген хат-хабарды жүргізу, хабарлама, нұсқаулық, келісім, мақұлдау, куәлік немесе басқа біреудің шешімдерін жіберу немесе беру қажет болса және егер басқаша келісімдесе, онда хат-хабардың бұл түрі жазбаша нысанда негізсіз бас тартусыз және кешіктірусіз жүзеге асырылады.

9.2. Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат-хабарға қатысты барлық құжаттарда Шарттың нөмірімен Тараптардың деректемелері көрсетілуі тиіс.

9.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуы және факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кейіннен түпнұсқасын бере отырып, пошта хабарламасы бар тапсырысты хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуы тиіс.

9.4. Курьерлік поштамен, телекспен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (неғұрлым ертерек алынғаны расталмаған кезде) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

9.5. Тапсырыс (әуе) хатпен жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің поштаның жеткізілгенін растайтын мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

10. Шарттың мерзімі

10.1. Осы Шарт Тараптардың өкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап өз күшіне енеді және 31.12.2025 дейін жарамды, ал өзара есеп айырысу бөлігінде толық аяқталғанша жарамды болады.

10.2. Тараптардың төлеммен және кепілдіктермен байланысты міндеттемелері бөлігіне қатысты Шарт Тараптардың осы міндеттемелерді толық орындауына дейін қолданылады.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Тараптар, егер ол еңсерілмейтін күш жағдайларының салдары болып табылса, осы Шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауаптылықтан босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «еңсерілмейтін күш жағдайы» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар соғыс, табиғи немесе табиғи апаттар, эпидемия, карантин, эмбарго және басқалар сияқты, бірақ олармен шектелмейтін әрекеттерді қамтуы мүмкін.

11.2. Еңсерілмейтін күш жағдайы туындаған кезде міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап екінші Тарапқа осындай жағдайлар басталған сәттен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде форс-мажордың болжамды қолданылу мерзімі туралы жазбаша нысанда (хабарлама) және олардың себептері туралы хабарлауға, сондай-ақ құзыретті орган берген осындай жағдайлардың туындау фактісін растайтын құжаттарды ұсынуы тиіс.

12. Дауларды шешу тәртібі





- 12.1. Осы Шартқа қатысты Тараптар арасында пайда болуы мүмкін барлық даулар және келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.
- 12.2. Егер осындай келіссөздер нәтижесінде Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешуді талап ете алады. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.
- 12.3. Осы Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларымен реттеледі.
- 12.4. Тараптар осы Шартқа қол қоя отырып, осы Шарт шеңберіндегі кез келген даулар Тапсырыс берушінің орналасқан жері бойынша сотта шешіледі деп келісті.


13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

- 13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді төлемейді, ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.
- 13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.
